

Бар мейіріміміз балаларға...



Адам баласының ең жақыны да, ең жақсы көретіні де – бала. Тіпті өмірдің сәні мен мәні де осы балада. Қазақта «Балалы үй – базар, баласыз үй – ку мазар», «Бала – адамның бауыр еті» дегендей мақал-мәтелдер өте көп. Балаларға шаттық қуаныш сыйлау әрбір ата-ана міндеті. Айта кетерлігі, кітапхана ұжымы

ұйымдастыратын шаралардың көбі жасөспірімдер мен балаларды кітап оқуға тарту мақсатында атқарылады. Кітапханаларда күн сайын оқырмандар санының артып келе жатқаны да қуантады. «Өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық шағы – біздің жалпыұлттық міндетіміз» деген мақсатты ұстана отырып «1 маусым Халықаралық балаларды қорғау күніне» орай Отыншы Баубек атындағы аудандық саябақта жасөспірімдер кітапханасы мен Б.Өтешов атындағы үлгілі балалар кітапханасының ұйымдастыруымен «Біз бақытты баламыз» атты спорттық ойындар библиокруизи және «Балалар кітап әлемінде» атты кітап көрмесінің таныстырылымы болып өтті. Іс-шараның шымылдығын «С.Сейфуллин атындағы орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» КММ директорының міндетін атқарушы Жақыпова Гүлмайра Ағлақызы ашып, жылы лебізін білдірді. Мерекелік шара барысында балалар кітап көрмесімен танысып, ән айтып, өлеңдер оқып, викториналық сұрақтарға жауап берді және арнайы сыйлықтарға ие болды. Сондай-ақ, аю, түлкі, сайқымазақ, қоян т.б. кейіпінде киінген кітапханашылар балалармен бірге ойындар ойнап, ертегілер әлеміне естен кетпес саяхат жасады.

Мерекеге орай ұйымдастырылған библиокруиз кеші көңілді, әрі қызықты өтті. Қатысқан балалар шара соңында естелік суретке түсіп, көтеріңкі көңіл-күймен тарқасты. Іс-шарамызды ұйымдастыру кезінде демеушілік көрсеткен Жаңаарқа ауданының «AMANAT» партиясының төрағасы Түсіпов Амангелді Бақышұлына және ауданымыздың тұрғыны Айша Манашқызына шексіз алғысымызды білдіреміз.

**Аудандық жасөспірімдер кітапханасы мен
Б.Өтешов атындағы үлгілі балалар кітапханасы**